

«Келісілді»

**Атырау облысының
қорғаныс істер жөніндегі
департамент бастығы полковник
полковник __ Б. Акбалиев**

«__» _____ жыл

«Бекітемін»

**Атырау аймақтық дене
тәрбиесі және спортты
дамыту орталығының
директоры ____ С.Жекенов**

«__» _____ жыл

Әскери – қолданбалы спорт жарысының облыстық біріншілігін өткізу ЕРЕЖЕСІ

1-тарау. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже әскери-қолданбалы спорт жарысының облыстық біріншілігін (бұдан әрі – облыстық біріншілік) өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2 Облыстық біріншілік Атырау қаласының № __ орта мектебінің базасында өткізіледі.

1.3 Облыстық біріншілікті ұйымдастыруды Атырау облысы Қорғаныс істері жөніндегі Департаменті, «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы Республикалық қоғамдық бірлестігінің филиалының қолдауымен жүзеге асырылады.

2-тарау. Мақсаты мен міндеті

2.1.Өскелең ұрпақты Отан сүйгіштік рухта тәрбиелеу;

2.2.Жарысқа қатысушылардың спорттық шеберлігін көтеру;

2.3.Салауатты өмір салтын насихаттау;

2.4.Отан қорғаушы мамандығының мәртебесін арттыру.

3-тарау.Өтетін орны мен мерзімі

Облыстық біріншілік __ жылдың _____ күні Атырау қаласының № ____ орта мектебінің базасында өткізіледі. Сайыс 4 кезеңнен тұрады: 1 –ші кезең мектепшілік, 2 –ші топтық, 3 –ші қалалық (аудандық), 4 –ші облыстық. Мандаттық комиссия Атырау аймақтық дене тәрбиесін және спортты дамыту орталығында өтеді.

4-тарау.Жарысқа қатысушылар

4.1.Облыстық біріншілікке қалалық, аудандық мектептер мен колледждердің жанындағы әскери – патриоттық клуб мүшелері қатысады, команда құрамы 15-17 жастағы 9 адам (6 ұл, 3 қыз) қатысады, міндетті түрде жетекші болуы қажет.

4.2.Топ жетекшісінің өзімен бірге келесі құжаттар болуы тиіс:

1) білім алушылардың және топ жетекшілерінің аудандық, қалалық кезеңдерінің өткізу қорытындысы бойынша облыстық біріншілікке қатысу үшін жолданғаны туралы білім бөлімінің басшысының бұйрығының көшірмесі мен есебі;

2) қатысушылар туралы мәлімет (Т.А.Ә., туған жылы, сыныбы, оқу орны, дене жүктемелеріне рұқсаты бар денсаулығының жағдайы туралы дәрігер рұқсаты қолы және мөрімен расталған, қауіпсіздік ережесімен танысқаны, топ жетекшілерінің аты-жөні, қызмет орны, лауазымы, ұялы телефондары және фотосуреті бар білім беру ұйымының мөрімен және қолымен расталған оқу орнынан жеке анықтама);

3) қатысушылардың және топ жетекшілерінің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

4) ата-аналардың сенімхаттары.

5) топ жетекшілерінің іссапар куәліктері;

6) Әрбір команда дәріхана қорапшасын алып келуі тиіс.

4.3. Жарысқа қатысатын командалар және жетекшілері спорттық, далалық әскери киімдермен (камуфляж), өздерінің пневматикалық қаруы (ашық көздеу) және оғымен, ММГ – АК – 74 – оқу қаруымен, ЖҚТ (ОЗК), газтұмылдырығымен, дәрігерлік көмек көрсету құралдарымен келуі қажет.

5-тарау. Жарыс бағдарламасы

1) Әскерилендірілген кросс - 2 ұл+1 қыз қатысады, 1500 метр қашықтықта ұл, 1000 метр қашықтықта қыз бала жүгіреді (500 метр жүгіру + пневматикалық мылтықтан нысанаға ату + 500 метр жүгіру + гранатаны қашықтыққа лақтыру + 500 метр жүгіру – ұлдар үшін), нысанаға тигізіп, гранатаны қашықтыққа лақтырған уақыт бойынша тез келген команда жеңіске жетеді;

2) Белтемірге тартылу – 6 ұл, көп тартылған команда жеңіске жетеді;

3) Гимнастикалық бруссыға қолды бүгіп жазу – 6 ұл, көп жасаған команда жеңіске жетеді;

4) Денеге күш түсіру жаттығулар кешені (еденге қолды тіреп, бүгіп жазу – 30 секунд, кеудені шалқасынан жатып денені көтеру – 30 секунд)– 3 қыз, көп жасаған команда жеңіске жетеді; ;

5) 100 метрге жүгіру – 1 ұл+1 қыз, уақыт бойынша ерте келген жеңіске жетеді;

6) Қаруды толық емес бөлшектеу және жинақтау – 1 ұл, 1 қыз, уақыт бойынша тез жинаған команда жеңіске жетеді;

7) Жалпы әскери қорғаныс толығы (комбинезон күйінде) – 1 ұл, 1 қыз, уақыт бойынша тез және ретімен киген команда жеңіске жетеді;

8) Жаралы адамға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету – 2 қыз, 1 жаралы

6-тарау.Облыстық біріншіліктің төрешілер бригадасының міндеті.

6.1.Облыстық біріншіліктің төрешілер бригадасын бас төрешіден, хатшыдан және төрешілер бригадасының мүшелері құрайды. Төрешілер бригадасы келесі қызметтерді орындайды:

Облыстық біріншілікке қатысқан әр команданы бағалайды;

- 1) жеңімпаздарды анықтайды;
- 2) конкурстың қорытындысын шығарады;
- 3) даулы сұрақтарды шешеді.
- 4) төрешілер бригадасы өз құзыретіне жататын сайыстар мен жарыстарды өткізу шарттары бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы.
- 5)төрешілер бригадасының шешімі хаттамамен ресімделеді және оған бас төреші қол қояды.
- 6) бас төрешіге наразылық білдіру және сайыстағы командалар қойылымдарының нәтижелеріне байланысты мәселелерді анықтау үшін төрешілерге өтініштер беру тәртібі облыстық біріншіліктің ашылуындағы команда жетекшілерінің бірінші отырысында хабарлайды.

6.2. облыстық біріншілікті өткізу кезінде (нұсқау мен жеребе тастау басталғаннан бастап хаттамаларды өңдеу аяқталғанға дейін) команда басшыларына **тыйым салынады:**

- 1) төрешілер жұмысына кедергі келтіруге;
- 2) егер төрешілердің өтініші болмаса, өз командасына көмектесуге;
- 3) егер бұл алдын ала ескертілмесе, жарыс аймағында болуға;;
- 4) өтініште көрсетілмеген қатысушыларды қатыстыруға болмайды.
- 5) төрешілер аталған бұзушылықтардың ең болмағанда бірін тіркеген жағдайда команданың нәтижесі есептелмейді және сол жарыста соңғы орынға ие болады.

7-тарау.Облыстық біріншіліктің қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау.

- 1) қорытынды жарыстың әр түрі бойынша шығарылады.
- 2) Жалпы командалық орындар төмендегіше ұпайлармен есептеледі: 1 орын – 20 ұпай, 2 орын – 18 ұпай, 3 орын – 16 ұпай, 4 орын – 14 ұпай, 5 орын – 12 ұпай, 6 орын – 10 ұпай, 7 орын – 8 ұпай, 8 орын – 6 ұпай, 9 орын – 4 ұпай, 10 орын – 2 ұпай. Ұпай саны тең болған жағдайда бірінші, екінші және т.б. орындары көп команда жеңіске жетеді.

Екі және одан да көп командаларда ұпай саны тең болған жағдайда, әскерилендірілген эстафетада үздік нәтиже көрсеткен командаға артықшылық беріледі. Қандай да бір жарысқа немесе сайысқа қатыспайтын команда барлық жарыстар мен сайыстарға қатысқан командалардан кейін орын алады. Жарыстардың жекеленген түрінде, жеке есепте үздік нәтиже бойынша

жеңімпаз бен жүлдегерлер анықталынады.

1) командалық біріншілікте I, II, III орын алған командалар медальдармен, грамоталармен марапатталады.

2) Жарыстар мен сайыстардың жеке түрлерінде I, II, III орын алған командалар грамоталармен марапатталады.

3) Жеке жарыстарда I, II, III орын алған қатысушылар медальдармен және грамоталармен марапатталады.

Ұйымдастыру алқасы: Атырау аймақтық дене тәрбиесі және спортты дамыту орталығының алғашқы әскери дайындық кабинеті

Тел: 27-24-09

**Әскери – қолданбалы спорт жарысының облыстық біріншілігіне
қатысуға**

ӨТІНІШ

Білім беру ұйымы _____
(толық аталуы, мекен-жайы, телефон, факс, e-mail)

Команданың аталуы _____

Команда жетекшісі _____
(аты-жөні, байланыс телефоны, e-mail)


Қатысушылар тізімі

№ р/р	Аты-жөні, тегі (толығымен)	Туған күні	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмері, кім қашан берілді	Оқу орны. Байланыс телефоны	Дәрігер- дің қолы, мөрі	Қауіпсіздік ережесімен танысқан- дағы қолы
1						

Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларының қолы, мөрі

Ескерту: команда жетекшілері жоғарыда аталған телефон нөмірі мен электрондық пошта мекен-жайына (поезд, автокөлік) баратын күні мен уақыты туралы бір күн Атырау аймақтақ дене тәрбиесін және спортты дамыту орталығына хабарлауы қажет.

**Мектеп оқушыларының және колледж студенттерінің
әскери – қолданбалы спорт жарысының облыстық біріншілігіне
қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**



Спорт түрі _____

М.О

(Мектептің, колледждің
мөрі бұрышына басылады)

Т.А.Ә. _____

Туған жылы _____

Спорт разряды _____

Оқу орны _____

Мектеп директоры (колледж) _____

(Т.А.Ә. қолы)

